


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ / АРКАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ
ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ /
УТВЕРЖДЕНО по решению ученого совета
Хаттама / Протокол № 10 « 19 » 02 2024 ж. / г.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6B01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» / «Педагогика и методика начального обучения»

Қабылдау жылы / Год приема: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Педагогика және филология факультеті

6B01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастыргандар:

Оспанбекова М.Н. – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының жетекшісі, PhD
Рыскулбекова А.Д. – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, П.Ф.К.
Мендікұл Н.С. – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс студенті
Аскарова А.Б. – бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенті

Сарапшы:

Егінбаева А.К. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі, педагог-зерттеуші

Білім беру бағдарламасы мәжілісінің отырысында ұсынылды

Хаттама 3 «27 » 12 2023 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі



Оспанбекова М.Н.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 «10 » 01 2024 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы




Калиев А.К.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама 6 «07 » 02 2024 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы: Бірінші цикл: бакалавриат, ҰБШ / СБШ 6 деңгейі

Тағайындалатын дәреже: Білім бакалавры

Несиelerдің жалпы көлемі: 240 академиялық несие / 240 ECTS

Оқу мерзімі: күндізгі оқу түрі – 4 жыл орта білім негізінде, 3 жыл ТжКБ негізінде, 2 жыл жоғары білім негізінде

1.1 Жалпы ережелер

6B01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім МЖМБС, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, «Педагог» кәсіби стандартына, Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген. Білім алушыларды білім бағдарламасына қабылдаудың талаптары Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында окуя қабылдаудың үлгілік қағидаларымен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсетін үміткерлер Бірынғай ұлттық тестілеуден (ҰБТ) өтеді.

Білімін 7M013 Пәндей мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша магистратурада одан әрі жалғастыру мүмкіндігі бар.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаттары

Кәсіби саласы бойынша жүйелі білімге ие білікті бастауыш сынып мұғалімін даярлау.

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының болашақ бакалаврларын қалыптастыру үшін білім беру үдерісін басқарудың мазмұнын, түрін, құралы мен әдістерін анықтау;
- қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен білім берудің әлемдік стандартына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалы кәсіби даярлықтарын қамтамасыз ету;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттіліктерін қалыптастыру: әлеуметтік-мәдени, тілдік (коммуникативтік), жаратылыстану-математикалық, кәсіби, мамандықтардың іргелі негіздері мен оқыту технологиялары саласында;
- физикалық, рухани және интеллектуалды өзіндік даму тәсілдерін игеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау және мінез-құлық мәдениеттерін қалыптастыру.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы

6B01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіптік қызметін бастауыш білім саласында жүзеге асырады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері

6B01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім бакалаврының кәсіби қызметінің объектісі меншіктік және ведомстволық бағыныштылық түрлеріне тәуелсіз бастауыш білім берудің барлық түрлері мен типін ұйымдастырудың педагогикалық үдеріс болып табылады.

2.3 Кәсібілік қызметтің функциясы:

ҰБШ/СБШ 6.1 деңгейшесі мен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес 6B01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім бакалавры келесі кәсіби қызмет функцияларын орындаиды:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеушілік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері

6B01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлек:

ОН1 – бастауыш сынып пәндерінің теориялық негіздерін біледі;

ОН2 – кәсіби стандарт талаптарына сәйкес менгерген құзыреттіліктерді тәжірибеде көрсетеді;

ОН3 – орта білімнің жаңартылған мазмұнын, инклузивті білім беруді және ШЖМ жағдайындағы бастауыш буында оқыту әдістерін қолданады;

ОН4 – бастауыш сыныптағы пәндерді оқыту әдістемесінен игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте пайдаланып, педагогикалық шеберлігін жүзеге асырады;

ОН5 – білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, адаптациялықтарын, экологиялық мәдениет, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздерін біледі;

ОН6 – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын, оқытудың интерактивті әдістерін жасанды интелекті белсенді қолданады;

ОН7 – кіші мектеп жасындағы оқушылардың физиологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынаста психология мен педагогиканың теориялық негіздерін қолданып, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауды жүзеге асырады;

ОН8 – білім беруді басқару, кәсіби салада ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, білім алушылардың ғылыми жобаларын басқару дағыларын игереді.

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 6B01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

Модульдің атауы	Кредит саны	Құрамдастыру мүнисипаттамасы (пән, тәжірибе)	Оку нәтижелері
1. Қоғамдық пәндер модулі	56	Казақстан тарихы	ОН5
		Философия	ОН5
		Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	ОН5
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ОН6
		Дене шынықтыру	ОН7
		Экологиялық мәдениет	ОН5
		Адал азamat құндылықтары	ОН5
		Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	ОН5
		Қазақ (орыс) тілі	ОН1
		Шет тілі	ОН1
2. Педагогтің кәсіби даярлығы модулі	23	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	ОН1
		Бастауыш сынып оқушыларының физиологиясы және гигиенасы	ОН7
		Педагогика	ОН7
		Педагогикалық психология	ОН2; ОН7
		Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	ОН2; ОН7
		Оқу - танысу тәжірибесі	ОН2; ОН4
		Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	ОН2; ОН4
3. Фундаментальды даярлық модулі	40	Қазақ тілінің негіздері	ОН1
		Жаратылыстану негіздері	ОН1
		Балалар әдебиеті	ОН1
		Математиканың бастауыш курс негіздері	ОН1
		Оқушылардың оқу рефлексиясын дамыту әдістемесі	ОН3
		Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру	ОН3
		Ағылшын тілін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Ағылшын тілі сабагындағы импровизациялық ойын	ОН4
		Цифрлық сауаттылық пәнін оқыту әдістемесі	ОН6
		Бастауыш оқыту жүйесінде АКТ қолдану	ОН6

4. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі	51	Бастауыш мектептегі инклюзивті білім беру	ОН3
		Математиканы оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер	ОН6
		Бастауыш сиынш мұғалімінің педагогикалық шеберлігі	ОН4
		Бастауыш сиынш оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру	ОН5
		Бастауыш мектепте қашықтықтан оқытуды үйымдастыру	ОН6
		Педагогикалық тәжірибе	ОН2; ОН4
		Өндірістік тәжірибе	ОН2; ОН4
5. Әдістемелік даярлық модулі	50	Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН2
		Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН2
		Әліппе және жазуға үйрету әдістемесі	ОН1; ОН4
		Әдебиеттік оқу әдістемесі	ОН1; ОН4
		Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Дүниетану пәнін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Қоршаған ортамен таныстыру пәнін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Көркем еңбек пәнін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Шығармашылыққа баулу әдістемесі	ОН1; ОН4
		Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі	ОН1; ОН4
		Шахмат ойынының теориясы мен әдістемесі	ОН1; ОН4
		Музыка пәнін оқыту әдістемесі	ОН1; ОН4
		Бастауыш мектепте қосымша білім беруді үйымдастыру	ОН1; ОН4
		Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үрдістің теориясы мен әдістемесі	ОН3
		Шағын жинақты бастауыш мектептегі оку-тәрбие жұмыстарын үйымдастыру	ОН3
6. Ғылыми дағдыларды қалыптастыру модулі	12	Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі	ОН8
		Бастауышта зерттеу жұмыстарын үйымдастыру әдістемесі	ОН8
		Сыни ойлау технологиясы негізінде зияткерлікті дамыту	ОН3
		Диплом алды тәжірибе	ОН4
7. Қорытынды аттестаттау модулі	8	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	

4.2 «6B01301– «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының элективті пәндер тізбесі

№	Пән атаулары	Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөз)	Кредит саны	Семестр	Пререквизиты	Постреквизиты
Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Экологиялық мәдениет	Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортандың өзара әрекеттесуін сынни түрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін менгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді үйымдастырады.	5	4	Жаратылыстану негіздері	Дүниетану пәнін оқыту әдістемесі
2	Адал азамат құндылықтары	Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтың ұстанымды жүйелі білім арқылы менгереді. Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелуе контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады.			Педагогика	Дүниетану пәнін оқыту әдістемесі
3	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер онтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі ұғымдары мен білімдерін менгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағдыларды дамытады. Студенттер қаржы институттарының (банктер, кор нарығы және т.б.) қызметін талдайды, қаржылық-экономикалық құбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді.			Педагогика	Бастауыш сыннып оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру

**Базалық пәндер циклі
ЖОО компоненті**

1	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Бұл курс мұғалім мамандығына алғашқы кіріспе ұсынады. Атап айтқанда, студенттер тұтас педагогикалық процесті түсіну және олардың кәсіби жеке бағдарларын қалыптастыру, педагогикалық және психологиялық мәселелер мен жағдайларды сини тұрғыдан шешу үшін қажетті базалық білім мен дағдыларды дамытады. Курс студенттерге мұғалім мамандығын игеруге деген ынтысын қайта қарауға мүмкіндік береді.	4	1	Мектеп курсы	Педагогика
2	Бастауыш сыйнып оқушыларының физиологиясы және гигиенасы	Бұл пәннен студенттер кіші мектеп оқушыларының өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтарын біледі. Осы курста қаралатын тақырыптар: жүйке жүйесінің даму физиологиясы, жоғары жүйке қызметінің қалыптастыруы, кіші мектеп оқушыларының даму процесі, сенсорлық жүйелердің даму ерекшеліктері, зат және энергия алмасуы, тыныс алу, жыныстық, асқорыту жүйесінің дамуы, тірек-қимыл аппаратының, қан мен жүрек-қантамыр жүйесінің дамуы.	3	2	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Педагогикалық психология
3	Педагогика	Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сини тұрғыдан ойластырады. Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкеністік және кибер әлеуметтірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады.	5	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Бастауыш сыйнып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі
4	Педагогикалық психология	«Педагогикалық психологиясы» курсы педагогикалық процесс және оқыту тұжырымдамаларына, білім беру психологиясының негізгі бағыттарына, түсініктері мен категорияларына шолу ұсынады. Студенттер оқу іс-әрекетінің құрылымын сини тұрғыдан бағалауға және талдауға, педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық заңдылықтары мен оқу-тәрбие процесінің әр түрлі кезеңдеріндегі педагогикалық әсерге шағылыстыруды үйренеді.	3	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе
5	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының	Бұл курста педагогикалық үрдістегі тәрбиенің мәнін, оны жүзеге асырудың заңдылығын, ұстанымдары мен әдістерін сипаттай	4	3	Педагогика	Шағын жинақты бастауыш

	теориясы мен әдістемесі	білуді; тәрбие жүйесін, тәрбиенің бағыттары мен құралдарын саралай алуды; окушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасаудың формалары мен әдістемесін қолдана білуді; тәрбиелік шаралардың жоспарларын, сценарийлерін дайындау, оларды талдай алуды; окушылардың дамуы мен тәрбиеленуіндегі мәселелерді айқындай білуді менгереді.				мектептегі педагогикалық үрдістің теориясы мен әдістемесі
6	Оқу-танысу тәжірибесі	Окушылар мектеп жұмысын ұйымдастырудың құрылымымен, негізгі принциптерімен, пән мұғалімінің қызметімен (нормативтік-құқықтық базасы, «Құнделік» электронды журналымен, критерийлерімен, қалыптастыруши және жиынтық бағалауымен, білім беру және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік әдебиеттер және т.б.) танысады. Студенттер тәжірибеде алған білімдерін психологиялық-педагогикалық бағыттындағы пәндерді оқытуда белсенді қолданады. Олар сынып жетекшісінің қызметін қайта ойластыра алады (жобалау, ұйымдастыру, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау).	2	2	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Өндірістік тәжірибе
7	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Студенттер ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасын талдайды, олар сабака (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, олар «Социометрия» кабинетін зерттеудің диагностикалық әдістерін және окушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдана алады, студенттің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрайды.	2	4	Педагогикалық психология	Өндірістік тәжірибе
8	Қазақ (орыс) тілінің негіздері	Бұл пән қазақ тілінің негіздері – қазақ тіл білімнің салалары бойынша тілдің теориялық негіздерін толық менгереді және оны практикада қолдану машиғын иегертеді. Ана тілінің ерекшелігін басқа тілдермен салыстырып, саралайды. Аузыша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарын еркін жүргізеді.	5	1	Мектеп курсы	Қазақ тілін оқыту әдістемесі
9	Жаратылыстану негіздері	Бұл курста жаратылыстану ғылымының теориялық негіздерін сипаттай білуді; биосфера, биоценоз, экология, өсімдіктер және жануарлар дүниесінің бір-бірімен байланысын ажыратады; адамның табиғаттағы орны, жергілікті жердің өсімдіктері мен жануарларының экологиясын саралай білуді; коршаған ортаның маңызын айқындай алуды менгереді.	5	2	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі

10	Балалар әдебиеті	Бұл курста балалар әдебиетінің дамуы мен қалыптасу тарихынан мәлімет алады. Көрнекті авторлардың поэзиялық, прозалық сипаттағы туындыларына талдау жасауды менгереді. Осы курс бойынша: ауыз әдебиеті үлгілері, ұлы ағартушы ақын-жазушылар шығармашылығы, демократ ақын-жазушылар, қазіргі кезеңдегі балалар шығармалары тақырыптары қарастырылады. Білім алушылар балалар әдебиеті пәнінің мазмұнына кәсіби рефлексия жасауға дағыланады.	5	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Әдебиеттік оқу әдістемесі
11	Математиканың бастауыш курс негіздері	Білім алушы математиканың бастауыш курс негіздерінен ғылыми-теориялық білім алады. Курста: Математиканың негізгі ұғымдары. Сан ұғымының кеңеюі. Бүтін сан, бүтін сандар жиыны, бүтін сандарға қолданылатын арифметикалық амалдар; Алгебра және геометрия элементтері. Есеп және оның шешу процесін менгерту жолдары қарастырылады, математиканы оқытуда қолданылатын тәсілдер мен құралдарды сараптап пайдаланады.	5	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Математиканы оқыту әдістемесі
12	Оқушылардың оқу рефлексиясын дамыту әдістемесі	Пәнди оқыту аясында «Рефлексия» ұғымының ғылыми-теориялық аспектілерін талдауды; инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетін айқындауды; инновациялық технологиялардың жіктемесіне логикалық-дидактикалық түрғыдан талдау жасауды; оқу рефлексиясының бастауыш білім мазмұндағы орны мен ерекшеліктерін анықтауды; жаңартылған білім мазмұндағы оқу рефлексиясын қолданудың әдістемесін менгереді.	5	8	Педагогика	Қорытынды аттестаттау
13	Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру	Курстан білім алушы оқу, жазу машиғын сипаттай алуды; ақпаратты толық менгерту дағдыларын анықтай алуды; тындалым машиғын қалыптастыру жұмыстарын сараптай білуді; тындалым, оқылым мәтіндерін сыни түрғыдан талдай алуды; жазылым дағдысын қалыптастырудады мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін қолдана білуді; мәтіндегі сөздерді есте сақтау, оқу, жазу машиғын тексеру жұмыстарын бағалауды менгереді.	5	8	Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	Қорытынды аттестаттау
14	Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	Білім алушы қазақ тілін оқытудың негізгі ұстанымдары мен жана тенденцияларын сипаттай алуды; оқыту формалары мен түрлерінің ерекшеліктерін анықтай алуды; оқытудың формалары мен түрлерін қолдана білуді; бағалаудың түрлерін сараптай білуді менгереді.	5	4	Қазақ тілінің негіздері	Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі

15	Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі	Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесінің методологиялық негіздерін саралай білуді; жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесінің даму тарихын, кезеңдерін сипаттай алуды; жаңа бағдарламалар, оқулықтардың мазмұны мен құрылымын талдауды; жаратылыстану пәнінің мазмұнына байланысты дүниетанымдар мен көзқарастарды қалыптастыру жолдарын, пәнді оқытудағы тиімді тәсілдемелерді қолдануға машиқтанады.	5	4	Жаратылыстану негіздері	Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер
16	Әліппе және жазуға үйрету әдістемесі	Әліппе және жазуға үйрету әдістемесі пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын талдайды. Оқушылардың оқу мен жазу дағдыларын дұрыс қалыптастырудың маңызын, мақсатын, түрлерін айқындауды. Бастапқы оқуды қалыптастыру әдістемесін менгереді. Пәнді оқытудың лингвистикалық және психологиялық негіздерін саралайды. Игерген теориялық білімдеріне сүйеніп, әліппе кезеңдеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарын, оқушылардың іс-әрекетін ұғымдастыру тәсілдемелерін практикалық іс-әрекетте қолдануға машиқтанады.	5	4	Қазақ тілінің негіздері	Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі
17	Әдебиеттік оқу әдістемесі	Бұл пән студенттерді әдебиеттік оқу әдістемесі жайлы біліммен қаруландырады. Студенттер әдебиеттік оқудың мақсат-міндеті, мазмұнымен танысып, көркем шығармаларды оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін тиімді қолданудың жолдарын пайымдайды. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда заманауи технологияларды тиімді пайдаланудың әдістерін менгереді.	5	5	Балалар әдебиеті	Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер
18	Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі	Бастауыштағы бейнелеу өнерінің әдіснамалық негіздерін біледі. Эстетикалық білім беру мен тәрбиелеу процесінің негізгі идеяларын, тұжырымдамаларын, заңдарын, заңдылықтары мен принциптерін саралайды. Бейнелеу өнерінің негізгі категориялары мен ұғымдарын, оқыту мен тәрбиенің мәнін, мазмұнын, формалары мен әдістерін менгереді. Пәнді оку аясында игерген теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетте қолданады.	5	5	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Өндірістік тәжірибе
19	Диплом алды тәжірибе	Дипломдық жұмыс жетекшісінің басшылығымен жұмыстың мазмұнын, кіріспе бөлімін, негізгі бөлімн, корытындысын, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшаларын талапқа сай рәсімдейді. Бекітілген бұйрық негізінде сын-пікір, пікірлерді жинақтап, дипломдық жұмысты антиплагиаттан өткізіп, анықтама	2	8	Өндірістік тәжірибе	Корытынды аттестаттау

		алады. Нормативтік бақылау парагының талабына сай тексеруге ұсынады.				
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті						
1	Ағылшын тілін оқыту әдістемесі	Бұл пән ағылшын тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін менгеріп, ағылшын тілін менгертуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оқытудың интерактивті әдістерін белсенді қолдануға дағдыланады. Білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін іске асыру үшін қолайлы білім беру ортасын құруға машиқтанады.	5	5	Педагикалық кәсіпке кіріспе	Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер
	Ағылшын тілі сабағындағы импровизациялық ойын технологиясын қолдануды теориялық және әдістемелік түрғыдан талдайды. Шығармаларды импровизациялау, сахналау, драматургиялау тәсілдерін қолдану арқылы окушылардың тілдік, қатысымдық дағдыларын дамытуды менгереді. Тіл үйретудің негізі болатын импровизациялық ойын арқылы түрлі оқу жағдаяттарында білім алушылардың тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты сейлеу әрекеттерін дамытудың әдістемесін саралайды.	Педагикалық кәсіпке кіріспе		Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер		
2	Цифрлық сауаттылық пәнін оқыту әдістемесі	Білім алушылардың оқу мен күнделікті өмірде есептей білу, робототехника, базалық білім, заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс жасаудағы білік және дағдыларды тиімді қолдануын ғылыми-әдістемелік түрғыдан талдайды. АКТ-ны пайдалана отырып әртүрлі қолданбалы программаларды қолдану арқылы өз идеяларын ұсыну, роботтарды жинау және программалау, іздеу, жинақтау, өндөу, ақпараттарды сақтау және тарату дағдыларын қалыптастыру әдістемесін менгереді.	5	5	Педагикалық кәсіпке кіріспе	Педагикалық тәжірибе
	Бастауыш оқыту жүйесінде АКТ қолдану	Бұл курста АКТ қолданудың теориялық қағидаларын сипаттай алуды; АКТ оқытудың әдістері, құралдары мен үйымдастыру формаларын саралай білуді, ақпаратпен жұмыс үрдісінде техникалық құралдардың орнын айқындауды; казіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана білуді менгереді.			Педагикалық кәсіпке кіріспе	Педагикалық тәжірибе
3	Дүниетану пәнін оқыту әдістемесі	Бұл курста мемлекеттік білім беру стандартын, оқу бағдарламаларын, окулықтарды саралай білуді; оқыту	5	5	Жаратылыстану негіздері	Бастауыш сынып мұғалімінің

		әдістемелерін, сабак түрлерін қолдана алуды; құнделікті сабактар, сабактан тыс, сыныптан тыс жұмыстарды талдай білуді; оқушының білім-білік, дағдысын бағалау критерийлерін анықтауды біледі.				педагогикалық шеберлігі	
	Қоршаған ортамен таныстыру пәнін оқыту әдістемесі	Бұл курста мемлекеттік білім беру стандарты, оқу бағдарламалары, қазіргі кездегі оқулықтарды талдауды; оқыту әдістемелерін, әдістемелік тәсілдерді, сабак түрлерін (кіріспе, аралас, заттық, қорытынды, топсеруен, ойын, сарамандық, пікірталас) қолдануды; сабактан тыс, сыныптан тыс жұмыстарды саралауды; материалдық база, көрнекіліктер, тірі табиғат мүйісі, оны ұйымдастыру жолдарын қарастырады.			Жаратылыстану негіздері	Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі	
4	Көркем еңбек пәнін оқыту әдістемесі	Бастауыш мектепте көркем еңбекті оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін айқындайды. Пән әдістемесінің практикалық құрылымын біледі. Сурет салу мен мүсіндеу, құрастыру, халықтық сәнді-қолданбалы өнер, дизайндық білім жүйесіндегі халық мәдениетін менгереді. Пәнді оқу мен оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.		5	6	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Педагогикалық тәжірибе
	Шығармашылыққа баулу әдістемесі	Бұл курста бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту жүйесінің ғылыми-теориялық негіздері сараланады. Озық педагогикалық тәжірибелі жүйелеп, жинақтайды, педагогтың кәсіби қызметін талдайды. Көркем еңбекті оқыту әдістемесінен теориялық материалдарды бейнелеу өнерінде практикалық тұрғыда қолданып, музыкалық өнердің жанрлық құрамын, музыкалық тілдің мәнерлілік құралын ажыратады.			6	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Педагогикалық тәжірибе
5	Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі	Бұл курс бойынша студенттер білім бағдарламасының мазмұнын пайдалануға; балаларға дене тәрбиесін үйретудің теориялық және әдістемелік жолдарын анықтауға; білім алушылардың тұлғалық дамуын жүзеге асыру үшін стратегияларды қолдануға дағыланады. Дене тәрбиесін жоспарлау мен есепке алуды жобалап, дене тәрбиесі жұмыстарына әдістемелік басшылық жасай алады.		5	6	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Өндірістік тәжірибе
	Шахмат ойынының теориясы мен әдістемесі	Шахмат ойынының қысқаша тарихымен танысады. Шахматты үйрету әдістерінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерделейді. Шахмат ойынының стратегиясы мен тактикасын,			6	Математиканың бастауыш курс негіздері	Өндірістік тәжірибе

		ережелерін менгереді. Үйкималдылық теориясын қолдану техникасын игереді. Шахмат – ақыл-ой мен танымдық қабілеттерді, жад пен концентрацияны, шығармашылық ойлауды дамытады. Эмоциялар мен күйзелісті басқару, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады.			
6	Музыкалық пәнін оқыту әдістемесі	Бастауыш мектептегі музыкалық тәрбиенің берудің мазмұны, мақсаты мен міндеттерін, музыка пәні және оның басқа пәндермен байланысын біледі. Мектептегі музыка сабағы және оның ерекшеліктерін, музыка сабағындағы пәнаралық байланысты анықтайды. Ноталық хат, әуен және оның құрылымы, ритм және метр, лад және тональность, интервалдар және олардың мәнерлі мәнін менгереді.	5	6	Педагогикалық кәсіпке кіріспе
	Бастауыш мектепте қосымша білім беруді ұйымдастыру	Пән аясында танымдық ұжымдық шығармашылық істерге негізделген қосымша білім беру бағдарламасын менгереді. Окүшылардың сабактан тыс уақытта жекелеген ерекшелігінің мүмкіндігінде оның шығармашылық әлеуетін, зияткерлік қабілеттерін дамытуды саралайды. Бастауыш мектепте қосымша білім беруді ұйымдастыру негізінде тұлғага бағдарланған тәсілдерді қолдану арқылы үйлесімді қалыптасқан және жан-жақты дамыған окүшының тұлғасын қалыптастыру мәселесін талдайды.			Педагогикалық кәсіпке кіріспе

Кәсіптік пәндер циклі

ЖОО компоненті

1	Бастауыш мектептегі инклузивті білім беру	Бұл курс қазіргі әлемдегі инклузивті білім беруге шолу жасап ұсынады. Студенттер «инклузия» ұғымын ажыратса алады, арнайы білім беруді реформалау мәселесін аша алады, ұлттық арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырады, балаларды интеграциялау модельдерін талдайды және салыстыра алады, мүмкіндігі шектеулі, инклузивті білім беруді басқарудың құқықтық және этикалық негіздерін түсіндіреді.	5	4	Педагогикалық психология	Өндірістік тәжірибе
2	Математиканы оқыту әдістемесі	Бұл курста математиканы оқытудың ғылыми-теориялық білім беріледі. Курста: Арифметикалық материалдарды оқыту әдістемесі, Есептерді шешуге оқытып-үйрету әдістемесі, Алгебра және геометрия элементтерін менгерту жолдары қарастырылады. Білім алушы математиканы оқытуда қолданылатын тәсілдер мен құралдарды сараптап пайдалануды біледі.	5	5	Математиканың бастауыш курс негіздері	Бастауыш сыйнып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі

3	Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер	Білім алушы оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді сипаттай алады; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқуды сынни талдай білуді; оқыту мен оқудағы сандық ресурстарды және білім беруде жасанды интелекті қолдана білуді; бағалаудың негізгі максаттары мен өлшемшарттарын анықтай алады; жоспарлау жүйесі мен мазмұнын саралай білуді; ынтымақтастық пен өзара іс-әрекеттегі жұмыс түрлерін бағалай алады менгереді.	5	6	Педагогика	Өндірістік тәжірибе
4	Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі	Педагогикалық шеберлік және оның әлеуметтік мәнін айқындауды; бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігі және оның маңыздылығын саралайды; ақпарат беру мен тәрбиелік әсер ету құралы ретінде педагог сөзін; педагогикалық қарым-қатынас шеберлігін: оқушылармен, ата-аналармен, ұжыммен; педагогтің әдептілігін; оқу мен оқытуды басқарудағы педагогикалық біліктілікті менгереді.	5	6	Педагогика	Өндірістік тәжірибе
5	Бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру	Бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушыларға қаржылық шешімдер қабылдау, бюджетті жоспарлау, қарыздарды басқару, инвестициялау және негізгі қаржылық тұжырымдамаларды түсіндіруге қажетті дағдылар мен білімді игереді. Бастауыш сынып оқушыларына ұсынылатын қаржылық сауаттылықтың кейбір негізгі аспектілері: ақша мен монеталар; бюджеттеу; жинақ; қарыздар; сатып алады жоспарлау туралы алғашқы түсінік беру әдістемесін менгереді.	5	8	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Өндірістік тәжірибе
6	Бастауыш мектепте қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру	Білім алушы білім жүйелерін ажыратада білуді; оқытуға арналған интербелсенді тапсырмаларды жасаудың онлайн-сервистерін саралай білуді; интербелсенді жұмыс парактариның алушы оқытудың модельдері мен технологияларын сипаттай алады; оқыту конструкторларын, аудио және видео өндеу құралдарын қолдана білуді; платформалармен сынни түрғыда жұмыс жасауды үйренеді.	5	8	Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдемелер	Қорытынды аттестаттау
7	Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі	Пәнди оку барысында білім алушы ғылыми-зерттеу жұмыстарының, академиялық жазудың негізгі қағидаларын сипаттай алады; баяндама мен ғылыми мақаланың ерекшелігін анықтай алады; нақты тұжырымдарды қолдана білуді; ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдерді сынни талдай алады; ғылыми мақаланың басқа ғылыми жұмыстардан өзгешелігін салыстыра білуді менгереді.	5	8	Педагогика	Қорытынды аттестаттау

8	Педагогикалық тәжірибе	Білім алушы бастауыш сынып мұғалімі сабағының талдауын сипаттай алуды; бастауыш сынып мұғалімі жұмысының ең тиімді формалары мен әдістерін қолдана алуды; мектепте және бекітілген сыныпта өткізілетін барлық іс-шараларды сынни талдай білуді; оқушылардың жеке қасиеттерін, олармен қарым-қатынас формаларын зерттеуді менгереді.	6	6	Оқу-танысу тәжірибесі	Өндірістік тәжірибе																
9	Өндірістік тәжірибе	Білім алушы орта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында студенттерді практикалық педагогикалық қызметке кешенді қосуды сипаттай біледі; тандаған біліктілік жұмысының тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеуді іс жүзінде қолдана білуді; оқытудың заманауи стратегияларын сынни талдай алуды; инновациялық білім беру технологияларын саралайды.	15	7	Педагогикалық тәжірибе	Ғылыми педагогикалық зерттеу әдіstemесі																
Кәсіптік пәндер циклі Тандау компоненті																						
<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 15%; padding: 5px;">1</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үрдістің теориясы мен әдіstemесі</td> <td style="width: 40%; padding: 5px;">Бұл курс арқылы студент шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін анықтай алуды; біріктірілген сыныптар үшін сабак жоспарларын дайындау, өткізу және талдауды, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдана біледі.</td> <td style="width: 10%; padding: 5px; text-align: center;">5</td> <td style="width: 10%; padding: 5px; text-align: center;">8</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Қорытынды атtestаттау</td> </tr> <tr> <td rowspan="2" style="width: 15%; vertical-align: top; padding: 5px;">2</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру</td> <td style="width: 40%; padding: 5px;">Білім алушы шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды сипаттай білуді, сабак кестелері және күнтізбелік, күнделікті сабак жоспарларының құрылымын саралай алуды, тәрбие жұмысын жоспарлау және басқару ерекшеліктерін айқындау білуді менгереді.</td> <td rowspan="2" style="width: 10%; padding: 5px; text-align: center;">5</td> <td rowspan="2" style="width: 10%; padding: 5px; text-align: center;">8</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Қорытынды атtestаттау</td> </tr> <tr> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Бастауышта зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық және әдіstemелік негіздерін; занылышқтары мен ұстанымдарын қарастырады. Білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудады зерттеу жұмыстарының маңызын; жобалап оқыту технологиясы арқылы оқушылардың зерттеушілік дағыларын қалыптастырудың жолдарын; зерттеу әрекеттерін ұйымдастырудың артықшылықтары мен өзектілігін пайымдайды; пәнді окуда игерген білімдерін практикада қолданады.</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Педагогика</td> <td style="width: 15%; padding: 5px;">Қорытынды атtestаттау</td> </tr> </table>						1	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үрдістің теориясы мен әдіstemесі	Бұл курс арқылы студент шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін анықтай алуды; біріктірілген сыныптар үшін сабак жоспарларын дайындау, өткізу және талдауды, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдана біледі.	5	8	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі	Қорытынды атtestаттау	2	Шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру	Білім алушы шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды сипаттай білуді, сабак кестелері және күнтізбелік, күнделікті сабак жоспарларының құрылымын саралай алуды, тәрбие жұмысын жоспарлау және басқару ерекшеліктерін айқындау білуді менгереді.	5	8	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі	Қорытынды атtestаттау	Бастауышта зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық және әдіstemелік негіздерін; занылышқтары мен ұстанымдарын қарастырады. Білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудады зерттеу жұмыстарының маңызын; жобалап оқыту технологиясы арқылы оқушылардың зерттеушілік дағыларын қалыптастырудың жолдарын; зерттеу әрекеттерін ұйымдастырудың артықшылықтары мен өзектілігін пайымдайды; пәнді окуда игерген білімдерін практикада қолданады.	Педагогика	Қорытынды атtestаттау
1	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үрдістің теориясы мен әдіstemесі	Бұл курс арқылы студент шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін анықтай алуды; біріктірілген сыныптар үшін сабак жоспарларын дайындау, өткізу және талдауды, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдана біледі.	5	8	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі	Қорытынды атtestаттау																
2	Шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру	Білім алушы шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды сипаттай білуді, сабак кестелері және күнтізбелік, күнделікті сабак жоспарларының құрылымын саралай алуды, тәрбие жұмысын жоспарлау және басқару ерекшеліктерін айқындау білуді менгереді.	5	8	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі	Қорытынды атtestаттау																
	Бастауышта зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық және әдіstemелік негіздерін; занылышқтары мен ұстанымдарын қарастырады. Білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудады зерттеу жұмыстарының маңызын; жобалап оқыту технологиясы арқылы оқушылардың зерттеушілік дағыларын қалыптастырудың жолдарын; зерттеу әрекеттерін ұйымдастырудың артықшылықтары мен өзектілігін пайымдайды; пәнді окуда игерген білімдерін практикада қолданады.	Педагогика			Қорытынды атtestаттау																	
1	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үрдістің теориясы мен әдіstemесі	Бұл курс арқылы студент шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін анықтай алуды; біріктірілген сыныптар үшін сабак жоспарларын дайындау, өткізу және талдауды, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдана біледі.	5	8	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі	Қорытынды атtestаттау																
2	Шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру	Білім алушы шағын жинақты бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды сипаттай білуді, сабак кестелері және күнтізбелік, күнделікті сабак жоспарларының құрылымын саралай алуды, тәрбие жұмысын жоспарлау және басқару ерекшеліктерін айқындау білуді менгереді.	5	8	Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдіstemесі	Қорытынды атtestаттау																
	Бастауышта зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық және әдіstemелік негіздерін; занылышқтары мен ұстанымдарын қарастырады. Білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудады зерттеу жұмыстарының маңызын; жобалап оқыту технологиясы арқылы оқушылардың зерттеушілік дағыларын қалыптастырудың жолдарын; зерттеу әрекеттерін ұйымдастырудың артықшылықтары мен өзектілігін пайымдайды; пәнді окуда игерген білімдерін практикада қолданады.	Педагогика			Қорытынды атtestаттау																	

	Сыни ойлау технологиясы негізінде зияткерлікті дамыту	Бұл пән сынни ойлау технологиясы негізінде зияткерлікті дамыту жайлы біліммен студенттерді қаруандырады. Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамытудың теориялық аспектілерін, оқушылардың зияткерлік қабілеттерін қалыптастыру ерекшеліктерін анықтай алуды; зияткерлігікті дамытуға бағытталған әдістерін қолдана алады.			Педагогика	Корытынды аттестаттау
--	---	--	--	--	------------	-----------------------

4.3 6B01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының модульдері бойынша менгерілетін несиелер көлемінің жиынтық кестесі

Курсы	семестр	Менгерілетін пәндер саны	Оқытылатын пәндер саны		Кредит саны										Саны			
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Дене шынықтыру	Оку-танысу тәжірибесі	Оку тәжірибесі	Психологиялық-педагогикалық тәжірибе	Тілдік тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Дипломалды тәжірибе	Кортыныды аттестация	Барлық кредит саны	Емтихан	Сынап
1	1	7	5	2		28	2									30	6	1
	2	8	5	3		27	2	2								31	7	1
2	3	7	2	5		27	2									29	6	1
	4	7	1	5	1	25	2			2						29	6	1
3	5	6		3	3	30										30	6	
	6	6		3	3	25					6					31	6	
4	7	-	-	-	-	-						15				15	1	
	8	8		6	2	35						2	8	45	9			
Барлығы		49	13	27	9	197	8	2	0	2	0	6	15	2	8	240	47	4

5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Оқу жетістіктерін есепке алудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі, білім алушыларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыру

Бағалау жүйесінің кестесі

Әріп жүйесі бойынша	Балдың сандық эквивалент	Проценттік мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	ECTS бойынша бағалау	Анықтамасы
A	4,0	95-100	От жақсы	A	Үздік көрсеткіштер, білімдері мен дағдылары өте жоғары
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, білімдері мен дағдылары жақсы
B	3,0	80-84	Жақсы	C	Көрсеткіштері, білімдері мен дағдылары жоғарыдан орташа
B-	2,67	75-79			
